

«Балалар және театр» ағартушылық жобасын жүзеге асыру бойынша ұсынымдар

Мақсаты – театрдың көрермен аудиториясын балалар және жастармен кеңейту, оқушылардың жалпы мәдени деңгейін көтеру.

Ағымдағы жағдай.

Республикада барлығы 68 кәсіби театр жұмыс істейді.

Оның ішінде 52 мемлекеттік театр түрлі бағытта жұмыс істейді: 3 опера және балет театры, 4 балалар мен жасөспірімдер театры, 7 қуыршақ театры, 24 драма театры (оның ішінде 3 қазақ және орыс труппалары бар драма театры), 11 музыкалық драма және музыкалық комедия театрлары, 1 жастар театры, 1 комедия театры, 1 сатира театры және (оның ішінде 4 ұлттық (этникалық) театр: ұйғыр, корей, неміс және өзбек театрлары).

Театрлардың саны бойынша мәдени астана – Алматы бірінші орында тұр – 19. Екінші орында Шымкент қаласы – 8 театр, Нұр-Сұлтан қаласында – 6 театр.

Республика театрлары жыл сайын 14 мыңнан астам қойылымдар қояды. Оның ішінде гастрольдік және көшпелі қойылымдар 3 мыңнан астам спектакльдерді құрайды. Театрлардың репертуары 3500 қойылымнан тұрады, оның 400-ден астамы жаңа.

Жыл сайын Қазақстанда 2,34 млн-нан астам көрермен, оның ішінде балалар театрға барады.

Билеттердің құны орташа есеппен 680 теңгені құрайды. Ең қымбат билеттер Алматыда қаласында – 2030 теңге, Нұр-Сұлтанда – 1095 теңге, Ақтөбеде – 721 теңге.

Театрға баруды ұйымдастырудағы проблемалар мен шектеуші факторлар.

1. Ресурстық фактор. Театрлар санының жеткіліксіздігі (барлығы – 64), оның ішінде жас көрермен театрлары. Театрлар калалық жерлерде жұмыс істейді. Осыған орай ауылдағы мектеп оқушыларының жаппай театрға баруын ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ.

2. Қаржы факторы: театр қызметтеріне экономикалық қолжетімділіктің болмауы. Барлық қалалық мектеп оқушыларын театр абонементтерімен жеңілдікпен қамтамасыз ету үшін қосымша қаржы қажет болады, бұл мемлекеттік бюджетке ауыртпалық әкеледі.

3. Репертуарлық фактор. Театр қойылымдары репертуарларының аз ауқымды болуы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған театрлық ұсынымдарының болмауы (балалар мен жасөспірімдерге арналған спектакль репертуарларының аздығы).

4. PR-факторы. Театр өнерін насихаттаудың жаңа формаларының жоқтығы.

Балаларға бағытталған мәдени іс-шаралар нарықтық экономикаға бейімделмеген.

Балаларды театрға тартудың мемлекеттік саясатының келісілген жүйесінің болмауы осы салада қалыптасқан позицияларды жоғалтуға, ал болашақта ересек тұрғындардың театрға деген қызығушылығының күрт төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Іске асыру механизмі.

1. Театрға жеңілдікпен бару

Оқушының театрға жеңілдікпен баруға арналған жеке абонементі. 1-11 (12) сыныптардың әрбір оқушысына беріледі. Абонементтің штрих-коды болады.

Білім беру және мәдениет саласына заманауи технологияларды енгізу мәдени байланыстардың жаңа нысандарын дамыту мен бүкіл елдің мәдени кеңістігін біріктірудің маңызды факторы болып табылады.

Қазіргі әлемнің феномені мәдениет өніміне кең жол ашатын электрондық мәдениет болып табылады.

Театр қойылымын таңдау бойынша «Театр және балалар» өңірлік автоматтандырылған ақпараттық жүйе (электрондық портал) – бұл таңдалған театр репертуарына оқушының еркін қол жеткізуі және оқушының театрға жеңілдікпен баруға арналған жеке абонементіне сәйкес таңдалған қойылымға (күні, уақыты) билет броньдау мүмкіндігі.

2. Демеушілер есебінен бару.

«Театрға билет сыйлаймын» қайырымдылық жобасы балаларға бағытталған мәдени акция: оқуда, шығармашылықта, спортта көзге түскен үздік оқушыларға театрға билеттер түрінде демеушілерден сыйлық ретінде беріледі.

Негізгі индикаторлар.

Театрларға бару санын 3 есеге ұлғайту.

Мектеп театр студияларын 2 есеге ұлғайту.

Балалар театрлары желісін 2 есеге ұлғайту.

Күтілетін нәтижелер.

Оқушылардың барлық санаттары үшін театр өнерінің қолжетімділігі.
Кәсіптік театр құралдарымен тәрбие бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға мектеп мұғалімдерін тарту.

Мәдени (театрлық) қызметтерді тұтынудың өсуі (театрларға бару көрсеткішінің артуы).

Балалар мен жасөспірімдерге арналған театр қойылымдары репертуарының өзгеруі.

Жастардың және мектеп театр студияларының қатысуымен халық театрларының желісінің кеңеюі.

Көрермендермен орындаушылардың жақын байланысын қамтамасыз ететін жас көрермендердің шағын санына бағдарланған балалар театрының жаңа эксперименттік және шағын нысандары.

Көпшілік көрермендерге арналған балалар драмалық фестивальдер мен көше театр қойылымдарын өткізу.

Өңірлердің мәдени әлеуетін толық көлемде дамыту және пайдалану.

Тікелей өлшеуге келмейтін әлеуметтік-мәдени нәтиже.

Қаржыландыру ЖАО есебінен.